

9 мыңға жуық қошет отырғызылды



3-БЕТ

Егіс науқанына дайындық қалай?



4-БЕТ

Еркебұлан БЕКЖАНОВ, ҚР АШМ Агроөнеркәсіптік кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің Алматы облысы аумақтық инспекциясының басшысы: «Отандық кәсіпкерлерді қолғау басты назарда»



6-БЕТ



• СҰХБАТ

Перизат СӘДУАҚАС, ҚР Жоғарғы Соты Коммуникация бөлімінің меңгерушісі:

«БИШІМБАЕВ СОТЫНЫҢ АШЫҚ ӨТУІ – ТАРИХИ ОҚИҒА»

– Перизат Құрманқызы, ауыр айып тағылған Бишімбаевтың сот процесін онлайн өткізу не үшін қажет болды? Бұл саяси тапсырыс па, әлде ҚР Жоғарғы Сотының тарапынан қабылданған шешім бе?

– Әрине, бұл ешқандай да тапсырыс емес. Қуандық Бишімбаевқа қатысты іс сотқа келіп түскеннен бастап біздер бүкіл әлеуметтік желілерге, бұқаралық ақпарат құралдарына мониторинг жүргізе отырып, халықтың осы іске деген ерекше қызығушылығын, «Қылмыстық іс қалай қаралады, шығарылатын сот үкімі қаншалықты әділетті болады? Сот ашық әлде жабық есік артында өте ме? Оған халықтың қандай да бір пікірінің ықпалы бола ма?» деген сұрақтың қоғамды алаңдататынын байқадық. Дәл осы оқиғаға деген қоғамдағы резонансты ескере отырып, Жоғарғы Сот пен ҚР Сот әкімшілігінің басшылығы Бишімбаевқа қатысты қылмыстық істі тікелей эфирде онлайн трансляция арқылы өткізу туралы шешім қабылдады. Бұл – алғаш рет тікелей эфирде өтіп отырған сот отырысы.

– Сот отырысын онлайн режимде өткізу социалықты қиындық туырмаған болар? Өйткені, қазақстандық сот жаңа технология жетістіктерін жан-жақты қолдануда көш басында тұрған құрылым.

– Әрине, алғаш рет ұйымдастырып отырған соң қиындық болды. Өйткені, біріншіден ел аумағындағы кез келген деңгейдегі яғни, аудандық, облыстық болсын соттардың материалдық базасы тікелей эфирде онлайн трансляция өткізуге бейімделмеген. Әр соттың өзінің процессуалдық ерекшелігі бар. Кейбір сот ғимараттары ескі болса, кейбірі онлайн трансляция көзделмегендіктен, процеске қажетті белгілі бір техникалық жабдықтармен қамтамасыз етілмеген. Ал, аз ғана уақыт ішінде бүкіл бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің ешбіріне шектеу қоймай, барлығын сот залына кіргізіп, онымен қоса ел аумағына ешқандай кідіріссіз, тоқтаусыз, аптасына бірнеше рет онлайн трансляция өткізу оңай емес. Осы тұрғыдан алғанда үлкен қиындық туды. Дегенмен, Жоғарғы Сот пен Сот әкімшілігі өте қысқа мерзім ішінде әкімшілік және кадрлық ресурстарды пайдалана отырып, тәуекелге барды. Сөйтіп бұл қиындықты жеңді деп айтсам болады.

(Соңы 3-бетте)

(Соңы 5-бетте)

ЗАН газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

✉ zangazet@mail.ru

№31 (3660)
26 сәуір 2024



• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚҰМАР ОЙЫНҒА ТӘУЕЛДІЛЕР 400 МЫҢҒА ЖЕТТІ



Құмар ойындары қоғамның дертіне айналды. Тура мағынасында да, ауыспалы мағынасында да осылай демеске шара жоқ. Медицинада лудомания патологиялық өзгеріс ретінде анықталып, ем тағайындалатын болды. Біздің елімізде бұл дерттің құрығына түскендер саны 400 мыңға жетті. Мұның сыртында әрбір бесінші қазақстандықтың құмар ойынына қатысты бары анықталып отыр. Ал, құқық қорғау органдарының мәліметінше, шамамен 200 мыңға жуық жасөспірім басқа адамның атынан букмекерлік кеңселерге бәс тігіп, ойнайды екен.

(Соңы 3-бетте)

• АЛТЫҢ ҚОР

ТАРИХҚА ТАҒЗЫМ

ҰЛЫЛАРДЫ ҰЛЫҚТАУДАН БАСТАЛАДЫ

Бейімбет Майлин, Илияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллиннің туғанына – 130 жыл. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері халықтың сауатын көтеруге, әдебиетті дамытып, рухани кеңістікті толтыруға елеулі үлес қосты. Өз шығармалары арқылы көркем әдебиетке мәңгі өлмес шығармалар қалдырды.

Елдікті, бірлікті, еркіндікті жырлап, қазақтың рухани сауатын көтеріп, білімге, өнерге, оқуға жұмылдыруда аянбай қайраткерлік танытты. Бүгінде елі «Үш бәйтерегін» асқан



құрметпен еске алып, мұраларын жас ұрпаққа ұлықтауда. Қайраткер қаламгерлердің құрметіне орай «Үш бәйтерек – үш алыпқа» арнап республиканың әр өңірінде еске алу іс-шаралары басталып кетті. Аталған мерейтой барысында мектептер мен білім ордаларында ашық сабақтар, әртүрлі көрмелер жасалып, өмірбаянымен таныстыру сабақтары өтіп, жарыстар ұйымдастырылуда. Оған мысал, Бейімбет Майлиннің 130 жылдығына арналған көрмеде жазушының өміріндегі көпшілік біле бермейтін деректер таныстырылды. Көрмеге келген қонақтар арасында І.Омаров атындағы драма театрының актері Нұрлан Байшин Бейімбет Майлиннің монологын оқыса, филармония әншісі Айжан Санай халық әндерін айтып көрменің сәнін еселеді, кей үйірме мүшелері Бейімбеттің өлең-

дерін оқып берді. Бейімбет Майлиннен мұра боп қалған он бес повесть пен романдар, сонымен қатар аяқталмаған шығармалары да бар. Жазушы 25-тен аса пьеса, либретто, сценарийлердің де тікелей авторы. Ел қатарына қосылу, рухани бай, көңілі азат болудың жолын әрбір қазақ баласына үндеген жазушы оқырман жүрегіне жетті де.

Кітапханадағы көрме бір жыл көлемінде өз жұмысын жалғастырмақ. Оқырман өзіне қажет ақпараттармен көрме арқылы таныса алады. Көрмеге 84 кітап, 9 журнал, 17 газет қойылған. Кітапханашылар көрмеде жоқ тың деректер болып жатса, қорға кіргізіп, оқырман қауымға ұсынуға әзір.

Ерте жасында жетім қалған жас бала оқу оқып, хат танып, сауатын ашқан соң мектепте сабақ беріп, халықты сауатсыздықтан арылтуға аянбай атсалысты. Газет-журналдарда мақала жариялап, әмбебап жазушылардың бірі болды. Оның оншақты өлең, фельетондары бар.

Майлин қазақ әдебиетінің тарихында өшпес із қалдырды. Оның «Шұғаның белгісі» повесі, «Азамат Азаматович» романы, «Байдың қызы», «Мырқымбай» поэмалары оқырмандар мен жазушылардың жаңа буындарын қуанытып, шабыттандыруда. Әділдікті насихаттап, сауатсыздықтан да арылу керектігін ел назарына ұсынды. Республиканың әр өңірінде Бейімбет Майлиннің құрметіне берілген көше, мектеп, ескерткіш, мұражай көрмелер мен мәдени орындар бар.

(Соңы 3-бетте)

• КӨЗҚАРАС

САУАТТЫЛЫҚ СЕРГЕЛДЕНЕН ҚҰТҚАРАДЫ

Кез келген даудың түйіні сотқа келіп тарқатылады. Сондықтан Ата Заңымыздың 75-бабы, 1-тармағында «Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады» деп анық жазылған. Бұл жерде азаматтар ескеріп, ұстанатын негізгі мәселе құқықтық мәдениет – заңды білу, сыйлау, құрметтеу болып табылады.

Сотқа жүгіну қадамдарын білумен шектелмей, өз құқығыңды қорғауды нақты өмірде жүзеге асырудың маңызы зор. Ең бірінші уақыт жағынан ұтасыз, екіншіден дауыңыздың тез қаралып, шешілуіне ықпал етесіз.

Мысалы, бүгінгі күннің өзекті мәселесінің бірі – жер дауы. Ауылдарда бір адамдар мыңдаған гектар жерге ие болып, заңды, заңсыз құжаттарын көрсетеді. Ал сол ауылдағы екінші бір адам бір-екі малы бағатын, қысқы азығын дайындайтын ұлтарактай жерге жете алмай жүргені жасырын емес. Осы мәселені қарағанда судья сол азаматтардың арыздарына сүйеніп, алдымен түпкі құжаттарын тексеретіні анық. Заңсыздықты ашу үшін білім мен сауаттылық керек. Айталық,



Бекболат ТАЖМУХАН,
Наурызбай аудандық сотының
судьясы

азаматтарға жер, мүлікті бөлу мәселелері Жер кодексінің 101-бабының 3-тармағында анық жазылған. Онда ұжымшардан кейін қайта құрылған шаруа қожалығы мүшелерінің жалпы жиналысын өткізу керектігі көрсетілген.

Тағы бір айта кетер жайт сотқа дейін тараптар кездесіп, өзара мәмілеге келіп тиесілі жер телімдерін дау-дамайсыз алып, беріп жатса құба-құп. Заң бойынша жеке адамдар арасындағы жер дауы және тағы басқа даулар аудандық сотта қаралады.

Қорыта айтқанда, сот жүйесіндегі әр қадам үлкен-кіші деп бөлінбейді. Сырт қарағанда еренсіздеу көрінгенмен, әрбір істің ролі зор әрі маңызды болады.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

• БІТІМ

Қоғамдық қарым-қатынаста әртүрлі даудың туындап, келіспеу- шіліктердің орын алуы қалыпты жағдай. Мұндай түйткілдерді заң- ды түрде шешу үшін жеке және заңды тұлғалардың сот жүйесіне жүгінуі тиісіндігі.

«Медиация туралы» заң қабылданып, дауды реттеудің балама әдістері қолданыса енгізілгенге дейін барлық келіспеушіліктер сот алаңында шешімін тауып келген еді. Әрине, азаматтардың құқығы мен бостандығын заңды түрде, сот арқылы шешкені дұрыс. Алайда, сотқа талап арыз түсіріп, судьяның заңды шешімі шыққанға дейін қаншама уақыт кететінін жұртшылық жақсы түсіне керек. Осы тұрғыдан алғанда «Медиация туралы» заң көптеген мәселелерді оңтайлы реттеуге ықпал етіп отырғанын айта кеткеніміз жөн.

Бүгінде медиацияның тиімділігін, артықшылығын азаматтардың бәрі түсініп, біліп үлгерді. Заңның басты артықшылықтарын таныстыруда судьялар мен сот қызметкерлері орасан зор жұмыстар жүргізді. Аудандағы елге сыйлы, жұртқа сөзі өтімді, зиялы азаматтарды медиатор болуға ұсынып, олардың медиативтік мәмілелер жасауына барынша қолдау көрсетті. Медиацияны дамыту ісіне әкімдік пен құзырлы орган өкілдерін тарта білді.

Қалай айтсақ та, қазақылықтың қаймағы бұзылмаған өңірлерде медиацияны дамытудың пайдасы зор. Себебі, бұл аймақтың халықтың татулығын сақтауға, бірлігіне сына түсірмей, сыйластығын

МЕДИАЦИЯНЫҢ МҮМКІНДІГІ МОЛ

нығайтуға көмектеседі. Шағын ауданда халық бір-бірін жақсы біледі. Ал дауды сот алаңында қарау тараптар арасын алшақтатып, дұрдараздық тудыратыны жасырын емес. Сотта жеру үшін барын салатын тараптар бір-біріне лайықсыз, ауыр сөз айтып, бір-бірінің көңіліне келетін әрекеттер жасап жатады. Мұның соңы тек екі тараптың ғана дауласуына емес, бүкіл әулеттің, тіпті кейде бірқатар ағайынның жауласуына алып келуі мүмкін. Осы ретте медиацияда жеңілген тарап болмайтынын, дау бейбіт алаңда талқыланып, қос тараптың қалауымен ортақ мәміле рәсімделетінін ескергеніміз жөн. Медиативтік келісімге келу арқылы азаматтар өзара сыйластықты сақтайды, жүйкесіне салмақ түспейді. Екінші тараппен медиациялық келісімге келгеннен кейін кездескенде де жүзі жарқын болып, бағғы қарым-қатынасты бұзбауға қол ашылады.

Дауды медиациямен шешудің, тараптарды татуластырудың, дауласушыларды партисипативтік келісімге келтірудің сот саласы үшін де пайдасы бар. Себебі, істерді сотқа дейін, сотта бейбіт келісіммен бітіру сот жүктемесін төмендетуге айтарлықтай ықпал етеді. Осылайша судьялар уақытын неғұрлым күрделі істерді зерделеуге мүмкіндік алады. Сонымен бірге, қазылар қауымы ізденуге, әріптестерінің тәжірибесімен танысып, шеберлігін шыңдауға қолжеткізеді.

Медиация – ерікті келісім. Қос тарап бітімге саналы түрде, өз қалауымен барғандықтан, ондағы жасалған келісімнің орындалуы да тез. Келісім сот актілері секілді орта жолда орындалмай

қалмайды. Әрі бұл жеке сот орындаушылардың да жұмысын жеңілдетеді.

Медиацияда дау барысындағы қос тараптың құпиясы сақталады. Ең бастысы, медиациялық келісімде азаматтар уақыты мен қаржысын үнемдейді. Ал бүгінгідей уақыттың бағалы кезінде, бұл артықшылықты қолданбау – өз күш-қуатыңды босқа тауысумен тең. Материалдық шығынды болдырмауда да медиацияның көмегі көп. Себебі, сот отырысындағы азаматтарға заңгер, адвокат көмегіне ақша шығарудың қажеті жоқ. Сонымен бірге, дау медиациямен реттелгенде мемлекеттік баж қайтаралатыны да – оңтайлы тетік.

Этикалық тұрғыдан медиация адамдарды өздерінің мінез-құлқы үшін жауапкершілікті қабылдауға мәжбүр етеді. Табысты медиация адамдар арасындағы байланысты нығайтады, оларды бір-бірімен байланыс орнатуға жол ашады және жоғалған сенімді қалпына келтіреді. Медиация азаматтарды өзінің жеке тәжірибесінен сабақ алуға және өз даулы мәселелерінің шешімін табуға үйретеді. Бұл өз кезегінде жеке адамдардың және жалпы қоғамның ынтымақтастық пен қиындықтардан шығу қабілетін қалыптастырады. Медиацияның осындай артықшылығына көзі жеткендіктен, Жанақорған ауданында медиаторлар мен татуластырушы судьялардың көмегіне жүгінетіндер қатары артып келе жатқанын қуантады.

Болат ПАЗЫЛОВ,
Жанақорған аудандық сотының
судьясы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «Ыбрахим-Калилилла» өндірістік кооперативі, БСН 0304440010650, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, ОҚО, Ордабасы ауданы, Қарааспан а/о, Берген Исханов ауылы, Б.Исханов көшесі, 44 үй, пошта индексі 160600.

3. «Краун БевКян Казахстан» ЖШС, БСН 051240013159, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, 050051, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 105 үй, 300 кеңсе, «Премьер Алатау» бизнес орталығы, 3 қабат, тел. 87012189218.

4. «Ломбард Халық» ЖШС, БСН 060440003801, тіркелген мекенжайы: Қарағанды қаласы, Құрылысшылар көшесі, 1 үй, Құрылтайшының 05.04.2024 ж. №1, №2 шешімдеріне сәйкес, өзінің микроқаржылық қызметін, лицензиясының қызметін тоқтату, ЖШС тарату туралы шешім қабылдады. Салымшылар мен несиегерлердің талап-шағымдары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде жоғарыда көрсетілген мекенжайда қабылданады. Тел. 87014565191.

5. «Intervent Med ЖШС (БСН 210340028599) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 020000, ҚР, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 129 үй, 17 пәтер.

6. «Ерканер» кредиттік серіктестігі» ЖШС (БСН 121240020345) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы, Аралтөбе а/о, Аралтөбе ауылы, 110 үй.

7. «Ruvter» ЖШС, БСН 230640034934, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Әуезов ауданы, 10а ықшамаудан, 21 үй, тел. 87076874131.

15. «Ломбард «Малахит» ЖШС, БСН 090340000432, Құрылтайшының 22.04.2024 ж. шешіміне сәйкес, өзінің микроқаржылық қызметін тоқтату және ерікті түрде микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияны кері қайтарып алу туралы шешім қабылдады. Салымшылар мен несиегерлердің талап-шағымдары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі, 11/2 үй, 304 кеңсе. Тел. 87015503435.

МҰРАҒЕРЛІК

19. 2024 жылы 27 наурызда қайтыс болған Атаева Насиба Абдуллаевнаның артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері нотариус М.А. Кошкарбаевнаға келуі керек. Мекенжайы: Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шорнақ ауылы, С.Тоймаханов көшесі, 19 үй. Тел. 87771152555.

20. 2023 жылы 19 қазанда қайтыс болған Кунту Дүйсенбек Ташманұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ф.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел. 87022334499.

21. 2008 жылы 8 қаңтарда қайтыс болған Битаев Есенгельдиннің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ф.А. Шардарбековке келуі керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5 ғимарат. Тел. 87022334499.

ӘРТҮРЛІ

8. Алматы қаласының Алатау аудандық сотында Поддипалин Андрей Викторовичтен түскен арызы бойынша 28.10.1967 жылы туған, Алматы қаласының тумасы Поддипалин Валерий Викторовичті хабарсыз кетті деп танау туралы іс қаралуда. Поддипалин Валерий Викторовичтің жүрген жері туралы мәліметті немесе басқа да ақпаратты білетін адамдардың осы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай мерзімде мына мекенжай бойынша хабарлауын сұраймыз: Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Шаңырақ-2» ықшамауданы, Жаңқожа батыр көшесі, 26, каб. 203, тел. 87474961435, Алматы қаласы, Алатау аудандық сотына, сондай-ақ Алматы қаласы, Алатау ауданы, Чурина көшесі, 6А үй, 1 пәтерде тұратын Поддипалин Андрей Викторовичке.

9. «EA Group Holding (EA Групп Холдинг)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 160540012409, жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, әл-Фараби даңғылы, 17/1, ПФЦ «Нурлы Тау», блок 5Б, 8 қабат.

10. ИПФ «Ақ Жайық» (лицензия №138) және ИПФ «Батыс Бензин Инвест» (лицензия №155) құқықтық мирасқоры болып табылатын «Ақ Жайық» қаржылық-өнеркәсіптік компаниясы» АҚ директоры кенесі 2024 жылғы 30 мамырда, сағат 12.00-де ҚР, 090000, Орал қаласы, Азербайджанская көшесі, 48 үй мекенжайы бойынша «Ақ Жайық» қаржылық-өнеркәсіптік компаниясы» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы өтетіні туралы хабарлайды. Акционерлерді тіркеу уақыты: 2024 жылғы 30 мамырда, сағат 9.00-ден бастап 11.30-ға дейін.

Күн тәртібіндегі мәселелердің материалдарымен акционерлер 2023 жылғы 11 мамырдан бастап мына мекенжайда таныса алады: Нурейсова көшесі, 12 үй, 25 бөлме.

Акционерлердің тізімі 2024 жылғы 1 сәуірде жасалады. Кворум жиналған жағдайда жылдық жалпы жиналысы 2024 жылғы 31 мамырда, сағат 12.00-де жоғарыда көрсетілген мекенжайда сол күн тәртібінде кайта өткізіледі.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібі:

1. Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту.
2. Қоғамның 2023 қаржылық жылының жылдық қаржылық есебін бекіту және Қоғамның таза пайдасын бөлу.
3. Акционерлердің Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне шағымдары және оларды қараудың қорытындысын қарастыру.

11. «Alto Trading» ЖШС, БСН 120240017203, өзіне «Alto Express» ЖШС-нің, БСН 170640021047, қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. «Alto Express» ЖШС-нің барлық құқықтары мен міндеттемелері Тапсыру актісіне сәйкес «Alto Trading» ЖШС-не өтеді. Alto Express» ЖШС-нің несиегерлерінің талап-шағымдары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, әл-Фараби даңғылы, 17/1 үй, блок 5Б, н.п. 14.

12. «Alto Express» ЖШС, БСН 170640021047, өзінің «Alto Trading» ЖШС-не, БСН 120240017203, қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. «Alto Express» ЖШС-нің барлық құқықтары мен міндеттемелері Тапсыру актісіне сәйкес «Alto Trading» ЖШС-не өтеді. Alto Express» ЖШС-нің несиегерлерінің талап-шағымдары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, әл-Фараби даңғылы, 17/1 үй, блок 5Б, н.п. 14.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмухамедұлы көшесі 68 «б»-үй. Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді. Жеке таралым 5284 дана Апталық таралым 10 568 дана

Тапсырыс №61 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалады. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағамбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шидияр Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

Алматы жылу жүйесінде 2023 жыл үшін жыл сайынғы есеп бойынша халық алдында жария тыңдау өтті

Сейсенбі күні, 2024 жылғы 23 сәуірде (басталу уақыты 15:00, аяқталу уақыты 17:30) тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында жылу энергиясын беру, бөлу жөніндегі кәсіпорын қызметі туралы 2023 жылдың қорытындысы бойынша жыл сайынғы есеп бойынша тыңдаулар өтті. «Алматы жылу жүйесі» ЖШС-да (бұдан әрі – «АлЖЖ») жария тыңдаулар Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 221 үй, 3-кабат, 319 кабинет мекенжайында өткізілді. Сондай-ақ, ZOOM конференциясы арқылы онлайн тарнелсция өткізілді.

2023 жылдың қорытындысы бойынша негіздемелерімен тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында жылу энергиясын беру, бөлу – реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну бойынша «АлЖЖ» ЖШС қызметі туралы есеп (бұдан әрі – Есеп) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 тамыздағы №73 бұйрығының 299-тармағына сәйкес есеп келесі ақпаратты қамтиды: 1. табиғи монополи субъектісі туралы жалпы ақпарат; 2. бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы; 3. бекітілген тарифтік сметаның баптардан кейінгі орындалуы туралы;

4. реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін сақтау туралы; 5. табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы; 6. табиғи монополия субъектісі қызметінің негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері туралы; 7. реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі туралы; 8. реттеліп көрсетілетін қызметтер тұтынушыларымен жүргізілетін жұмыс туралы; 9. қызметтің перспективалары (даму жоспарлары), оның ішінде тарифтердің ықтималдық өзгерістері туралы. 1. «АлЖЖ» ЖШС туралы жалпы ақпарат. «АлЖЖ» ЖШС жылу энергиясын беруді, бөлуі және жабдықтауды жүзеге асыратын табиғи монополиялар субъектісі болып табылады. «АлЖЖ» ЖШС негізгі қызметі «Алматы электр станциялары» АҚ (ЖЭО-1, ЖЭО-2, ЗТК), «Алматыжылу-жайынерго» ЖШС (85 қазандық) жылу көздерінен жылу энергиясын тасымалдауды қамтамасыз ету және Алматы қаласының тұтынушыларының жылытуға және ыстық сумен жабдықтауға жылу энергиясымен қамтамасыз ету болып табылады. 2023 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша жылу желілерінің ұзындығы 1 385,3 км құрайды, оның ішінде: Магистралдық жылу желілері (МЖЖ) – 296,4 км; Тарату жылу желілері (ТЖЖ) – 1 088,9 км. Жылу желілері жұмыстарының гидравликалық ре-

жимін қамтамасыз ету үшін – 69 сорғы станциясы орна- тылды (магистралдық сорғылар – 20 бірлік, тарату – 49 бірлік), оның ішінде: Жылу желілерінде ЫСЖ ең жоғары жүктемелерін теңестіру үшін 24 бак-аккумулятор орнатылған. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пай- далану мерзімі 25 жылдан жоғары жылу желілерінің үлесі 57,9% немесе 802,6 км құрайды, оның ішінде – ТЖЖ: 64,4% немесе 700,9 км; МЖЖ: 34,3% немесе 101,7 км. Желілердің негізгі үлесін диаметр 40-тан 400 мм-ге дейінгі 1 193,89 км (86,18%) құбырлар құрайды, диаметрі 500-ден 1 000 мм-ге дейінгі желілердің үлесі 191,46 км (13,82%) құрайды. Жыл сайын «АлЖЖ» ЖШС жылу желілерінің жалпы ұзындығына «АлЖЖ» ЖШС тенгеріміне берілген жанадан салынған және коммуналдық жылу желілері қосылады. «АлЖЖ» ЖШС жылу желілерінің ұзындығы 2022 жылмен салыстырғанда 25,42 км-ге ұлғайды. Магистралдық жылу желілеріндегі зақымданудың төмендеуі магистралдық желілерді алдын ала оқшауланған орындаумен жыл сайын қайта құрылымдау есебінен оң нәтиже көрсетілді. 2. Бекітілген инвестициялық бағдарламаның орын- далуы туралы. ҚР ҰЭМ 2019 жылғы 19 қарашадағы №90 бұйрығы- ның (бұдан әрі – ТҚК) 6-тарауының 335-тармағына сәй- кес «АлЖЖ» ЖШС-ның инвестициялық бағдарламасы

Қазақстан Республикасының даму басымдықтары мен әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін ескере отырып, әзірленді, тиісінше онда мыналарға бағытталған іс-шаралар көзделген: - қолданыстағы активтерді кеңейту, жаңғырту, қайта құрылымдау, жанарту, реттелетін жылумен жабдықтау қызметін ұсынудың технологиялық циклінде тікелей пай- даланылатын жаңа активтерді құру; - энергия үнемдеуді қамтамасыз ету және энергия тиімділігін арттыру; - реттеліп көрсетілетін қызметтердің (жылыту және ыстық сумен жабдықтау) сапасын арттыру. ТҚК 6-тарауының 338-тармағына сәйкес бекітілген инвестициялық бағдарламаны іске асыру «АлЖЖ» ЖШС тарифінде ескерілген пайда мен амортизациялық ауда- рымдар есебінен жүзеге асырылуы тиіс. Инвестициялық бағдарламаның тарифтік сметасына ішінара қосу жылу желілерінің тозуын айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік бермейтін атап өткен жөн. Табиғи монополияларды реттеу комитетінің депар- таменті (бұдан әрі – ТМРКД) 2024 жылғы 22 ақпандағы №23-НҚ үшін 2023 жылғы инвестициялық бағдарламаны орындау жоспарына сомасы 1 902 млн теңгеге түзету бекітті, іс жүзінде 2023 жыл үшін инвестициялық бағдар- ламаның нақты орындалуы бойынша сомасы 1 895 млн теңгені құрады, яғни инвестициялық бағдарлама 99,6% орындалды.

ҚҚС-сыз

Table with 25 columns: № р/с, Реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну туралы ақпарат, Пайда мен шығын туралы есеп, Инвестициялық бағдарламаның (жобаның) сомасы, ҚҚС-сыз мың теңге, Инвестициялық бағдарламаны (жобаны) қаржыландырудың нақты шарттары мен мөлшері туралы ақпарат, ҚҚС-сыз мың теңге, Инвестициялық бағдарламаны (жобаны) орындаудың нақты көрсеткіштерін инвестициялық бағдарламада (жобада) бекітілген көрсеткіштермен салыстыру туралы ақпарат. Includes sub-tables for 'Жоспар' and 'Факт'.

Бекітілген тарифтік сметаның баптардан кейінгі орындалуы туралы. 2023 жыл үшін жылу энергиясын беру, бөлу және жабдықтау қызметтеріне тарифтік сметаны орындау.

Table with 6 columns: № р/с, Көрсеткіштер атауы, Өлшем бірлігі, Бекітілген тарифтік смета, 2023 ж. үшін орындалу, %, Ескерту. Lists various indicators like 'Тауарларды өндіруге және қызметтерді ұсынуға арналған шығындар, барлығы' and 'Энергия'.

4. Реттеліп көрсетілетін қызметтің сапа және сенімділік көрсеткіштері туралы. Реттелетін қызметтердің сапасы мен сенімділігінің көрсеткіштері және субъект қызметінің тиімділік көрсеткіштері тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін қолдана отырып, тарифті қалыптастыру кезінде бекітіледі (2019 жылғы 13 тамыздағы №73 Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағаздарының 13-Тарауы). «АлЖЖ» ЖШС үшін тариф пен тарифтік сметаның бес жылдық шекті деңгейі шығынды әдіспен бекітілді, осыған байланысты, реттелетін қызметтердің сапасы мен сенімділігінің көрсеткіштері және субъект қызметінің тиімділік көрсеткіштері бекітілмеген (2022 жылғы 11 қантардағы №143-НҚ бұйрығы).

Table with 6 columns: Атауы, Орталық, Батыс, Шығыс, Жиынтығы, % 2023г. Lists categories like 'Кіріс корреспонденциялар', 'Электрондық пошта бойынша өтініштер'.

8. Қызмет перспективалары, оның ішінде тарифтердің ықтимал өзгерістері туралы: 2024–2025 жж. жылыту кезеңіне дайындалу: 2023 жылғы жылу желілерін қайта құрылымдау жоспары: ҚЭН бағдарламасы бойынша 2023 жылдан ауыспалы, ҚҚС-мен сомасы 8,49 млрд теңге жалпы ұзындығы 4,7 км жылу желілерінің 4 объектісін қайта құрылымдау жоспарланған; «АлЖЖ» ЖШС инвестициялық бағдарламасы бойынша ҚҚС-мен сомасы 1,3 млрд теңге жалпы ұзындығы 6,25 км жылу желілерінің 8 (2023 жылдан 1 ауыспалы және 7 жаңа) объектілері; 2023 жылдан ауыспалы ҚҚС-мен сома- сы 22,23 млн теңгеге 1-кабельдік желіні қайта құрылымдау жоспарланған. «Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» КММ тапсырысы бойынша ЖАО қаражаты есебінен ҚҚС-мен сомасы 8,3 млрд теңгеге жалпы ұзын- дығы 9 км – 10 объектілерді (7 екі жылдық және 3 бір жыл- дық) қайта құрылымдау жоспарланған.

мөлшерінде табыс алды, табыстың негізгі үлесі жылу энер- гиясын өткізуге 80,75%-ға келеді; жергілікті бюджеттен бөлінген ақшалай қаражаттың үлесі жалпы табыстан 17,2% - құрайды, ақшалай қаражат «АлЭС» АҚ және «АЖКЭ» ЖШС жылу көздері алдындағы кредиторлық берешекті жабуға болнды және жалпы табыстың 2,06% Кәсіпорынның басқа және өзге де кірістеріне тиесілі. 2023 жыл үшін шығыстар 69 010,52 млн теңгені құра- ды, шығындардың негізгі үлесі жылу көздерінен жылу энергиясын сатып алуға – 61% тиесілі. Сонымен қатар, негізгі шығындар: Амортизация – 8%; жалақы – 10%; электр энергиясы, салықтар және жөндеу – 7%; сондай-ақ, өзге де шығындар – 15% (айыппұлдар, тұрақсыздық төлемі, өсім- пұлдар, зардап шеккендерге өтемақы, мүшелік журналдар, іс-шаралар, ақпараттық есептеу орталығының қызметтері, нотариалдық қызметтер және т.б.). 2023 жылдың қорытындысы бойынша қаржылық нәти- же – шығындың мөлшері 1 620,84 млн теңгені құрады. 7. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі туралы Есепте кезек үшін жылу көздерінен сатып алулар – 7 915,3 мың Гкал құрады, өткен 2022 жылмен салыстырған- да 516 мың Гкал немесе 7%-ға ұлғайды. Сатылды – 6 818,6 мың Гкал. Өз меншікті қажеттіліктеріне пайдаланылды – 18,3 мың Гкал. Коммуналдық желілер бойынша нормативтік ысырап- тар – 35,6 мың Гкал. Нормативтік ысыраптар – 1 313,79 мың Гкал. 2023 жылы жылу энергиясын сатып алу және сату көлемінің артуының себебі: - жылытылатын аумақ 6%-ға; - дербес шоттар 6%-ға өсті.

Реттеліп көрсетілетін қызметтер тұтынушыларымен жүргізілетін жұмыстар туралы. 1-ҚҚС-мен сомасы 931,36 млн теңгеге (екі жылдық) сорғы станциясы; Жылу желілерін ағымдағы жөндеу - 8,0 км.; Оқшаулауды қалпына келтіру - 8,6 км. Дебиторлық берешекті қысқарту: Дебиторлық берешек үшін тұтынушыларды жылумен жабдықтау қызметтерінен өшіру рейдтерін жүргізу туралы ақпаратты кәсіпорынның БАҚ және әлеуметтік желілерінде жариялау; Сотқа дейінгі хабарламалар беру; Дебиторлық берешегі үшін тұтынушыларды ыстық сумен жабдықтау қызметтерінен өшіру; Жылу энергиясы қызметтер тұтынушыларының бере- шегі туралы автоматты түрде қоңырау шалу және смс-ха- барламаны енгізу; Атқарушылық жазбалар жасау және жеке сот орын- даушыларына беру. Қызмет көрсетуді жақсарту: Қызметкерлердің біліктілігін арттыру; Жылумен жабдықтау қызметтерін өшіру/қосу актілері бойынша деректерді енгізуді автоматтандыру.